

№ 1 « » _____
Пед кенесте қаралды

Бекітемін: Искакова С.А.
Мектеп директоры м.у.а.

Келісілді: А.Т.Саметеев
Аудандық білім бөлімінің басшысы м.у.а.



Тақырыбы:
Шахмат
(оқушы компоненті)

Сыныбы: 4

Орындады: Р.Ф.Марат
пән мұғалімі
Ә/Б отырысында қаралды: Қуанышбаева С.А
Ә/Б жетекшісі
№ 1 хаттама 28 күні 08 айы 2023 ж
Тексерілді: Искакова С.А.
Оқу ісінің меңгерушісі

Түсінік хат

4 класқа арналған «Шахмат» курсының бағдарламасы арқылы «Шахмат» курсы қосымша білім беру негізінде енгізіледі. «Шахмат» ойыны балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілетін, интеллектуалдық әлеуетін, қызығушылығын арттырады, танымдық қасиеттерін жетілдіреді. Курс бағдарламасында теориялық біліммен қатар практикалық мәселелер де қарастырылған. Бағдарлама бір жылға 34 сағат, аптасына 1 сағаттан есептеліп жасалған. Бағдарлама курсының нәтижесінде оқушы шахмат ойнаудың әдіс – тәсілдерінің элементтерін меңгереді. Бұл бағдарлама 4 класта «Шахмат» курсына оқытуға ұсынылады. Шахмат сабағы арқылы жеке тұлғаны жан – жақты етіп қалыптастыру өте күрделі жұмыс, ол жетекші педагогтан шахматқа оқытып қана қоймай жеке тұлғаны тәрбиелеуді және ойлау, іздену қабілетін дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, ой еңбегіне тәрбиелеу. Осы бағдарлама балаларды оқытуды топтарға бөліп оларға теориялық білім беріп қана қоймай практикалық тұрғыда да материалды толық меңгеруге мүмкіндік береді. Бағдарлама интеграцияланған, сондықтан оқушылардың алған теориялық, практикалық білім –білік дағдыларын, жетістіктері мен кемістіктерін танып білуіне мүмкіндік береді. Ол әртүрлі формада өтуі мүмкін, яғни баяндама, әңгіме, жетекшімен ойнау, әртүрлі шахмат есептері, этюдтері, жарыстар, оқушылар баяндамасы, ойындар түрлерін талдау т.б. Көптеген ойыншылардың ойын тәсілдерімен, жоспарларымен танысу арқылы жүреді.

Мақсаты:

Оқушылардың бос уақыттарын босқа өткізбей оларды шағармашылық ізденімпаздыққа, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу. Ол үшін:

Оқыту арқылы – шахматтың шығу тарихымен таныстыру. Шахмат ойынынан теориялық білім беріп қана қоймай ойын ережелерін үйрету, сөйтіп оларды әртүрлі жарыстарға қатынастырып қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелеу арқылы - шахмат ойынын оқып үйретіп қана қоймай, оны сүйе білуге және оның жеке бастың мінез – құлқының қалыптасуына ұстамды және ізденімпаз болуына, ойлау қабілетінің артуына әсер ететіндігіне көзін жеткізу; әртүрлі жағдайларда өзгенің қателіктерін және өзінің қатесін түсіне білуіне, одан дұрыс қорытынды жасауға үйрету; қарсыласты сыйлай білуге үйрету.

Дамыту арқылы - жеке тұлғаны ойлау қабілетін арттыру арқылы есте ұстау, барлық жағдайларға көңіл аудару білуге үйрену арқылы жекетұлғаны қалыптастыру; дүниеге ойлы қарап, әсемдік тұрмысты танып қана қоймай, өзінің ойлау қабілетін, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру; айналадағы дүниені танымдық қабілет арқылы дұрыс түсіне білу.

Бұл бағдарлама бір жылға арналған, жетісіне бір сағат, барлығы 34 сағатқа жоспарланған. Оқушыларды үш топқа бөліп оқытады: 1 - 4 сынып оқушылары. Курсқа қатысқысы келетін барлық оқушылар қабылданады.

Алғашқыда шахматпен оның фигураларымен толық танысады, содан соң ойын ережелері және ойын тәсілдерін үйреніп меңгеруіне қарай топтарға бөлінеді. Ойынды толық меңгерген топтар көбінесе екінші жылы ойнайтындар болып келеді. Олар ойын жоспарын және тәсілін толық меңгергендер болып есептеледі. Теорияны толық меңгергендер – дебют, меттелшпиль, эндшпиль жағдайларында тәжірибелер жинақтайды. Егерде олар үшінші жыл ойналысқандар әдіс – тәсілдерді ойын кезінде жақсы меңгереді және әртүрлі деңгейдегі шахматтармен ойнай алады.

Бағдарламаның міндеттері: -дүниежүзілік, халықаралық озық педагогикалық тәжірибелер жетістіктерін пайдалана отырып, шахмат ойынын жете меңгерген оны ардақтап, сүйе білетін және әлемдік дәрежеге көтеруге ұмтылатын жан – жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Кәсіпшілік жеткіншектерде салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, олардың шығармашылық ізденімпаздығын, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу.

Әрбір курс мүшелерімен жеке – жеке жұмыс жүргізу арқылы оларды тез есептеуге жаттықтыру. - дүниежүзілік және Отандық шахмат майталмандары – Капабланка, Алехин, Ботвиник, Таль, Смыклов, Корчной, Пепаросян, Спасский, Карпов, Каспаров, Крамник, Ананд, Садвакасов біздің жерлесіміз - Середенко, Кубеновтер т.б. Олардың ойындарымен өмірін үлгі ету арқылы оқушылардың қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттырып, жоғары дәрежелі адамгершілігі мол, дені сау спортшы жеке тұлғаны қалыптастыру.

Курс мүшелерін мектеп аралық, ауылдық, қалалық, облыстық жарыстарға қатыстыра отырып, жеңімпаздарды шыңдап қана қоймай олардың тактикалық және стратегиялық ойын шеберліктерін жетілтіре түсу.

Оқушыдан күтілетін нәтижелер:

1. Шахмат тарихы туралы түсінігі болады;
2. Фигураларды таниды;
3. Ойын ережелерін біледі;
4. Барлық фигураларды ойынға қосуды біледі;
5. Шахматты қызығып ойнайды;
6. Ойынға қызығушылығы артады

Мазмұндық бөлім

Барлығы: 34 сағат, аптасына 1 сағаттан

р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе сабағы. Қайталау	1
2	Шахмат партиясының кезеңдері	1
3	Дебют негіздері. Дебютте ойнау ережелері	2
4	Ойын басындағы қателіктер. Уәзір мен тураларды ерте шығару	2
5	Ойын басындағы қателіктер. Сарбаздармен мақсатсыз жүру.	2
6	Ойын басындағы қателіктер. Патшаны қауіпті жағдайда қалдыру.	2
7	Дебют негіздері. Қортынды сабақ	1
8	Меттельшпилде ойнаудың негізгі қағидалары	2
9	Патшаға шабуыл жасау	2
10	Ракировка жасалмаған патшаға шабуыл жасау	2
11	Бір жақты ракировка кезінде патшаға шабуыл жасау.	2
12	Екі жақты ракировка кезінде патшаға шабуыл жасау.	2
13	Эндшпильде ойнаудың негізгі қағидалары.	1
14	Шахмат комбинациясы. Құрбандық. Комб.я мәні мен түрткісі	2
15	Шахмат комбинациясы. Арбау	2
16	Шахмат комбинациясы. Тосқауылдау	2
17	Шахмат комбинациясы. Алаңдату	1
18	Шаршыны не жолды босату	1
19	Қорғаушыны жою	1
20	Патша бекінісін бұзу	1
21	Патшаны орталыққа шығару	1
22	Өтілген материалдарды қысқаша қайталау.	1

Нормативтік бөлім

p/c	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	Пән аралық байланыс	Қолданылатын әдебиеттер	Сағат саны	Уақыты
1	Кіріспе сабағы қайталау.	Шахматтың шығу тарихын таныстыру	Оқулықтар, журналдар	Тарих	«Шахмат оқулығы»	1	
2	Шахмат партиясының кезеңдері	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Математика	«Шахмат оқулығы»	1	
3	Дебют негіздері. Дебютте ойнау кезеңдері	Түсіндіру. Көрсету	Шахмат тақтасы, оқулық	информатика	«Шахмат оқулығы»	2	
4	Ойын басындағы кателіктер. Уәзір мен тураларды ерте шығару	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
5	Сарбаздармен мақсатсыз жүру	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	Шахмат ойыны	2	
6	Патшаны қауіпті жағдайда қалдыру	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
7	Дебют негіздері. Қортынды сабақ	Тексеру	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
8	Метгильшиилде ойнаудың негізгі қағидалары	Піл туралы түсінік	Шахмат тақтасы, оқулық	Математика	«Шахмат оқулығы»	2	
9	Патшаға шабуыл жасау	Әдістерін үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Математика	Шахмат, дойбы, т оғызқұмалақ оқулық кітабы	2	
10	Ракировка жасалмаған патшаға шабуыл жасау	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Математика	«Шахмат оқулығы»	2	
11	Бір жақты ра. а кезінде патшаға ш. л жасау	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Математика	«Шахмат оқулығы»	2	
12	Екі жақты р. а кезінде патшаға ш. л жасау	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
13	Эндшпилде ойнаудың негізгі қағидалары	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
14	Шахмат комбинациясы. Құрбандық	Шахмат ком. н үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
15	Ш. к. Арбау, тосқауылдау, алаңдату	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
16	Шаршыны не жолды босату	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
17	Қорғаушыны жою. Патша бекінісін бұзу.	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	
18	Патшаны орталыққа шығару	Үйрету	Шахмат тақтасы, оқулық	Информатика, математика	«Шахмат оқулығы»	2	

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Дамыта оқыту әдістемесі

Дамыта оқыту балалардың психикалық дамуын ынталандырады, танымдық түрткі болады, қызығушылығына және оқу қажеттілігін ұғынуына мүмкіндік туғызады. Ойын барысында тек қана ойлау деңгейі ғана емес, сонымен қатар, зейіні, еркі, ынтасы дамиды. Шахмат ойлауды тәртіпке түсіруді, ойлап тапқыштықты абыржымай, байсалдылық танытып, өзін – өзі ұстай білуді дамытады. Бүгінгі күні мектепте ең бірінші сатыға оқытудың дамыту қызметі қойылады, ол оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына, оның қабілетін, тәсілқойлығын толық ашуға мүмкіндік береді.

- Үнемі курс мүшелерінің арасында өзара кездесулер ұйымдастырып кемістігі мен жетістіктерін талдаумен қатар, одан әрі мектеп аралық, аудандық, қалалық, облыстық жарыстарға қатынастырып шеберліктерін шындай түсу.
- Спорт шеберлерімен, разрядты ойыншылармен кездесулер, сол арқылы шеберліктерін жетілдіре түсу.
- Оқушылар ойын ережелерін толық меңгеріп қана қоймай фигуралармен пешкілерін тиімді орналастырып ойынның стратегиясы мен тактикасын жете түсіну нәтижесінде жоғарыда аталған жарыстарға қатынасып кез - келген ойыншымен ойнай алады және қарсыласты сыйлай білуге үйреніп шығады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Оқушыға арналған:

1. Шахмат,дойбы,тоғызқұмалақ оқулық кітабы.Авторы:Талап Сұлтанбеков
2. «Шахмат оқулығы» Қ.Әлішев, С.Сауқанұлы
- 3 Шахмат ойыны М.Дауылбаев, Ж.Мақажанов.Алматы. «Қазақстан» 1984 жыл
4. Газет,журналдар

Мұғалімге арналған:

1. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ оқулық кітабы. Авторы: Талап Сұлтанбеков
2. Шахматы – начальная школа. Авторы: Виктор Пожарский
3. Шахматы – как статья хорошим игроком. Авторы: Элизабет Долби
4. . Газет,журналдар
5. «Шахмат оқулығы» Қ.Әлішев, С.Сауқанұлы